

Тақырыбы: Филология маман

Орындағандар:

Жоспары:

1. Филология мамандығы туралы жалпы түсінік.
2. Зерттеу объектісі.
3. Қазақ филолог ғалымдары.
4. Филолог болу үшін нені білу керек?
5. Қандай қызмет атқарады?

. Сөзбе-сөз аударсақ, “ **phileo** ” – *сүю*, “ **logos** ” – *сөз* ” болып шығады.. Филологтар 2500 жылдан бері еңбек етіп келеді. Антикалық дәуірде Грекия мен Римдегі мектеп оқушылары әдебиетке жақын бір сабақты оқып жүрген. Кейінірек ол сабақтың бүгінгі филология пәніне қатысты болғаны анықталып отыр.

Филологиялық білім беру – бұл классикалық гуманитарлық білім беру. Қазақстанда алғаш ашылған оқу орындарында білім беріле бастаған да дәл осы филология мамандығы болатын. Тарихи қалыптасқан бұл мамандықтың 90 жылдық тарихы бар. Бұл ғылым түріне тіл білімі, филология (тілтаным), әдебиеттану, коммуникация теориясы, лингвистика, аударма ісі, тіл мен әдебиетті оқыту методикасы, стилистика, тіл мәдениеті, тіл тарихы, тіл саясаты тәрізді тілге қатысты барлық бағыттар мен құбылыстардың жиынтығы жатады. Филология мен лингвистика – бүгінгі таңда әлемдік бағытта дамып жатқан ғылымдар. Себебі әлемдік үрдіске айналған әрі ортақ ғаламдастыру құндылықтарын қалыптастырып жатқан тілдік құбылыстар мен тілдік тенденциялардың орын алуына байланысты бұл ғылымның да дамып, кеңеюі, үлкен ғылыми-идеологиялық күшке айналуы байқалады. Сол сияқты қазақстандық филологияның да басты мақсаты – полимәдениетті білім беру бағдарламасын тағайындау. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның ғаламдық интеграцияға жақындауын жылдамдатады. Қазақстандық саясаттың негізгі эталонына айналған үштілді мемлекеттік саясаттың да орын алуына тікелей қазақстандық филологияның қатысы бар екені белгілі.

Филологияның өзі жеке ғылым болып ХІХ ғасырда ғана қалыптасқанын ескерсек, қазақ филологиясы ғылым ретінде кеңестік кезеңде дами бастады. Бұл салада еңбек еткен ғалымдарымыз көп. А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсариннан бері келе Р.Сыздық, А. Ысқақов С.М.Исаев, К.Аханов сынды мамандар бар.

Бұл мамандықты таңдаған жандар көбіне өткен күннің тарихына көз жүгіртіп, санасына түйгенді ұнатады. Кез келген дүниенің тарихына баса мән береді. Ал мамандықтың өзі ежелгі гректердің өмірімен және тұрмысымен тығыз байланысты қаралады. Өйткені, ежелгі гректерде шешендік өнерді меңгеру, жұрт алдында сөйлей білу, өзінді тапқырлықпен тығырықтан алып шыға білуге баса назар аударылған. Кейіннен бұл ерекшелік еуропалықтарға, одан кейін араб елдерінің тіршілігімен біте қайнасып кетті. Қазіргі таңдағы ғылымда филологияның атқаратын қызметі айрықша. Белгілі бір өркениетке ғана тиесілі болмай, әр халықтың әлемінде шырқау шыңына өрмелеп барады десек қателеспейміз.

Бүгінгі қоғамға бұл мамандық иелері ауадай қажет. Ұлттық рухтың оянуына, халықтың тілін, ділін сақтап қалуына ықпал ететін халықтың көзі мен құлағы болуға дағдыланған мамандар – осы филологтар. Мектепте оқушыларды мұғалімдер әдебиетке баулуға, тіліне баса мән беруге және әлем туралы таным-түйсігін оятуға ұмтылады. Оның себебі де жоқ емес. Дұрыс жаза білу, өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптастыра білу, болашағыңның іргетасын қалаумен тең. Ал филолог мамандар келешекте дәл осы тұрғыдан да еліне елеулі еңбек сіңіре алады.

Жеке қасиеттері:



Бұл мамандықтағы адамдар гуманитарлық салаға жақын болуы тиіс. Яғни, өлең немесе әңгіме жазып, не болмаса ғылыми зерттеулермен айналысуға бейімі болуы керек. Ұстаз болған кезде оқушыларының алдында әдемі, таза сөйлеп, үлгі бола білуі қажет.

Білім. (Нені білу қажет?)



Филолог тілді жан-жақты зерттеп, оның функциясын, классификациясын білуге міндетті. Мысалы, жай ғана бір сөздің мағынасы, шығу тегін, болмысын ашу керек болса, филологтарға жүгінеріміз анық.

Мұғалімге қойылатын талап – жауапкершілік, жүктелген үлкен міндет, абыройлы істің сан қырлылығы одан жан – жақты терең біліктілікті, аса педагогикалық шеберлікті, өте нәзік психологиялық қабілеттілікті талап етеді. Бұдан нені байқауға болады? Мұғалімнен жан – жақты терең білім-біліктілікті, сегіз қырлы, бір сырлылықты талап етіп тұрған жоқ па?

Мұғалімнің бір ғана сыры – оның мамандығы. бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Сондықтан ұстаз адам – кәсіби мамандығына құштар, оны жан – тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс. Олай болса мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді

өз пәнін
терең
меңгеруі
оның ең
алғашқы
қыры

кәсіби
шеберлігі
н үздіксіз
ұштай,
шыңдай
түсуі

мұғалімнің
тілді меңгеруі
– тіл
шеберлігі.
Сөзді жетесіне
жеткізе сөйлей
білудің өзі –
өнер. Себебі,
тіл – тәрбие
құралы

байқағыштық
сезімі – көрегендігі



әр жүректі білім
шұғыласымен
нұрландырудың ең тиімді, ең
төте жолын таба білетін
жасампаздығы



жан – жақты
дарындылығы



үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп –
этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті – сыртқы
мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу
мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып
отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық
белгісі.



үздіксіз, тынымсыз
ізденімпаздығы.

Должен знать

Владеть основным изучаемым языком в его литературной форме и иметь представление о его диалектном разнообразии; знать родственные связи языка и его типологические соотношения с другими языками, его историю, современное состояние и тенденции развития; знать литературу и фольклор в их историческом развитии и современном состоянии, в сопряжении с гражданской историей и историей культуры народа, говорящего на данном языке; владеть основными методами лингвистического и литературоведческого анализа.

Профессионально важные качества

- словесно-логическое мышление;
- врожденная грамотность;
- любовь к чтению;
- способность к языкам;
- широкий кругозор;
- грамотная устная и письменная речь;
- внимательность.

Усидчивость.
Большая часть
работы данного
специалиста
закладывается в
монотонных
процессах
вычитывания,
исправления,
перевода и
редактирования.

Любовь к чтению.
Филолог в
основном занят
изучением
литературы,
которое
закладывается в
постоянном
прочтении
различных
произведений.

Богатое
воображение и
внутренний мир.

Грамотность.
Данный специалист
часто занимается
устранением
ошибок в тексте,
поэтому этот
показатель один из
самых весомых.

Внимательность.
Важно не упустить
ни одной детали
изучаемого текста.

Жұмыс орны мен мансап:

*Бұл мамандықтағы адамдар кез
келген мектеп, колледж,
университет және музей,
кітапханаларда қызмет ете алады.
Филологтар көбінесе ұстаздық
қызмет атқарады. Алайда жазуға
икемі барлар газет-журналдарда
жұмыс істей алады.*

